



Қош келдің, Әз Наурыз!



Alhan Bókeihan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOGAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан бастап шығады

Aqtogai aýdandyq qoǵamdyq-saıası basylım

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 9 (7994) 14 наурыз, Жұма 2025 жыл

aktogai_red@mail.ru

AMANAT

ӘЙЕЛДЕР ҚАНАТЫ
КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ
КЕЗДЕСУІ

Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген 120-дан астам белсенді әйелдер «А М А Н А Т» партиясының Әйелдер қанаты ұйымдастырған «Әйелдер – жасампаз көшбасшылар» атты саяси көшбасшылық бойынша оқу курстарына қатысты. Бүгін олар Мәжіліс Спикері, партия төрағасы Ерлан Қошановпен кездесті. Кездесуде партия төрағасы Ерлан Қошанов жиналғандарды Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады. Ол

кылмыстық құқық бұзушылықтар едәуір азайды, тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы шағымдар саны үштен бірге қысқарды, ел бойынша 69 дағдарыс орталығы мен баспана ашылды. Бұдан бөлек, бүгінде депутаттар талқылап жатқан психологиялық қызмет туралы заң жобасына да көшбасшы әйелдер тарапынан орынды түзетулер енгізілді. Сондай-ақ партия төрағасы әйелдердің құқықтарын бұзғаны үшін заңнаманы қатаңдатудың маңыздылығына назар аударды. Соңғы уақытта «қалыңдық ұрлау» дәстүрін желеу етіп, кейбір жастар жас қыздардың құқықтарын бұзып, оларды еркінен тыс некеге тұрғызуда. Бұл мәселеге Мем-

«АМАНАТ» партиясы әйелдердің өзін-өзі дамытуына жағдай жасайды

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ауқымды саяси реформаларының арқасында елде гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және отбасылық құндылықтарды нығайту мәселелері сапалы жаңа деңгейде шешіліп жатқанын атап өтті. «Мемлекет басшысы ІІ республикалық мәслихат депутаттарының форумында атап өткендей, өкілді билік органдарындағы әйелдердің саны өсті, сондай-ақ әйелдердің әртүрлі салалардағы бастамалары жан-жақты мемлекеттік қолдауға

лекет басшысы Атырауда өткен Ұлттық құрылтай отырысында ерекше назар аударды. Сондықтан депутаттар «некеге мәжбүрлеу» үшін кылмыстық жауапкершілікті енгізу нормаларын ұсынды. Бұл ретте, Мәжіліс депутаттары Әйелдер қанатынан да ұсыныстар күтетінін жеткізді. Мәжіліс Спикері Әйелдер қанаты алдында тұрған бірқатар жаңа міндеттерді де белгіледі. Атап айтқанда, «Томiris» жобасының ауқымын кеңейтіп, болашақ көшбасшыларды студенттік кезден бастап

Құрметті жерлестер!

Сіздерді ежелден жаңару мен жаңғырудың белгісі ретінде тойланып келе жатқан Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Наурыз мерекесі баршамызға құт-береке, баянды бақыт әкелсін!

Тарихи тамыры тереңге бойлаған әз-Наурыз дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып келген. Қазақстан халқы үшін Наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерей тасыған ұлы мереке. Наурыз – көктемгі жаңарудың, махаббаттың, ақ пейіл мен татулықтың мерекесі. Ол – өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең. Жақсылық пен жасарастықтан, мейірбандылық пен парасаттан бастау алар Наурыз мейрамы әр шаңыраққа мол қуаныш пен шаттық әкелсін. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз. Барлық жақсы істеріңіз бен ізгі бастамаларыңыз сәтті басталып, табыспен аяқталсын. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Ақтоғай ауданының әкімі

А.Аманжолов.

Аудандық мәслихаттың
төрағасы Р.Әбеуов



ие болуда. Партия мүшелерінің шамамен 60%-ын әйелдер құрайды. Бүгінгі таңда, жаңа саяси жағдайларға қарамастан, «АМАНАТ» партиясы өз позициясын нығайтуын жалғастыруда. Біздің Әйелдер қанаты партия мен әйелдер қауымдастығы арасындағы шынайы көпірге айналды. Бұл әрбір белсенді әйелдің дауысы естіліп, оның идеялары жүзеге асатынына кепілдік береді. Сонымен қатар Әйелдер қанаты қоғамдық-саяси пікірталастарға әртүрлі көзқарас пен тереңдік қосып отыр», – деді ол. Ерлан Қошанов сондай-ақ «АМАНАТ» партиясының Әйелдер қанаты мүшелері заң шығару жұмысына белсене қатысып жүргенін атап өтті. Мәселен, олардың ұсыныстары әйелдердің құқықтарын қорғау және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша заң жобасын әзірлеу кезінде ескерілді. Бұл заң толық күшіне енді, бүгінде осы саладағы

дайындауға назар аудару қажет. Ол үшін жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнату керек, әсіресе саясаттану және әлеуметтік мамандықтардың әлеуетіне көңіл бөлу маңызды. Сонымен қатар жобаға қатысушыларды талдамалық жұмысқа белсенді тарту және әйелдер кәсіпкерлігін қолдауды күшейту керек. Ерлан Қошанов әйелдердің жұмысқа орналасуы мен өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін кеңейтудің, сондай-ақ олардың экономикаға, саясатқа және басқа да салаларға белсенді қатысу мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті. Іс-шарада сондай-ақ Конституциялық Сот Төрағасы Эльвира Азимова, Мәдениет және ақпарат министрі, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрайымы Аида Балаева, Қазақстандағы Конрад Аденауэр қоры өкілдігінің

директоры Виктор Франк сөз сөйледі. Бұдан кейін өңірлерден келген қатысушылар өз жобалары туралы баяндап, әйелдер көшбасшылығын дамыту жөнінде ұсыныстарын жеткізді. «АМАНАТ» партиясының Ақтөбе облыстық мәслихатындағы фракциясының жетекшісі Күлпаршын Айдарханова ауыл жастарына өз әлеуетін ашуға және жеке кәсібін бастауға көмектесетін «ДЕМ» жобасы туралы айтып берді. Жамбыл облысының Әйелдер күштері альянсының төрайымы Әмина Қайназарова кәсіпкерлікті жаңа бастаған әйелдер үшін 3-5 жылға салық жеңілдіктерін енгізуді ұсынды. Атырау облысы Қамысқала ауылдық округінің әкімі Рафигат Тәжиденова кәсіпкерлік қызмет үшін жер телімдерін бөлу тәртібін жеңілдетуді және бос үйлерді коммерциялық нысандарға айналдыруды ұсынды. «TeachMe» қорының директоры Захира Бегалиева цифрландыру мүмкіндіктері туралы айтып, оның ерекше қажеттіліктері бар адамдарға үйден жұмыс істеуге жол ашатынын атап өтті. Петропавлдық «Sensitive» ансамблінің көркемдік жетекшісі Ольга Ростовщикова есту қабілеті төмен және мүлде естімейтін балаларды әлеуметтендіру жобалары жайында бөлісті. Ал Шығыс Қазақстан облысынан келген, 30 жылдық мемлекеттік қызмет тәжірибесі бар Галина Пахомова адамдармен жұмыс істеудегі кәсіби тәжірибесі және күрделі жобаларды жүзеге асырудағы жетістіктерімен бөлісті. Астанада қаласында «TOMIRIS» жобасының қатысушылары мен «АМАНАТ» партиясының Әйелдер қанаты мүшелерінің республикалық кездесуінің екінші күні қарбалас әрі нәтижелі өтті. Стратегиялық сессия барысында өмірдің әртүрлі салаларында гендерлік теңдікті ілгерілететін жобалар талқыланды. Олар сондай-ақ тәжірибе алмасып, өзекті мәселелерді қарастырып, әлеуметтік бастамалардың, соның ішінде әйелдер көшбасшылығын қолдау мен кәсіби өсудің сәтті мысалдарын ұсынды. «АМАНАТ» партиясы алдағы уақытта да әйелдердің қоғамдық өмірге белсене араласуына жағдай жасап, олардың саясатта алға жылжуына ықпал ететін болады. Кездесуді қорытындылай келе, біз «TOMIRIS» жо-басының бастамаларын жүзеге асыру бойынша алдағы қадамдарды белгіледік. Қатысушылар қол жеткізілген келісімдер Қазақстандағы гендерлік саясатты дамытуға маңызды үлес болатынына сенім білдірді.

Г.Елеусізова,

«Томирис-2023» қатысушысы,

Ақтоғай ауылдық аналар кеңесінің төрайымы.

Аналарға құрмет әркез шексіз

Қазақта «әлемдегі әсемдік пен сұлулық, әйел көркі мен ана мейірімінен нәр алады» деген даналық сөз бар. Расында адамзат өмірінің іргетасы әйелдің қолымен қаланады. Иә, әйелдің қолында тіршіліктің шырайы, отбасының шырағы бар. Тағылымды тарихымыз қайраткерлік қасиет қонған аналардан кенде болған емес. Ұланғайыр далада ұрпақ мақтанышына айналған талай ұлағатты аналар бары сөзсіз. Сол үшін оларға деген құрмет қашанда шексіз. Көктем мезгілімен бірге келетін нәзікжандылар мерекесі жыл сайын ауданымызда елеусіз өтпейді. Мейірімділік пен сұлулықтың, даналықтың және рухани қуаттылықтың салтанат құрған күні ауданның аяулы аналары мен қыз-келіншектері ерекше құрметке бөленді. Мереке қарсаңында аудан әкімдігінде Халықаралық әйелдер күні мерекесіне арналған салтанатты шара болып өтті. Шара барысында аудан басшысы

Абылай Аманжолов ауданымыздың нәзік жанды аруларын шұғылалы көктемнің шуақты мерекесімен құттықтап, барша аналарымызға сый-сияпат табыс етті. «Әлемді



әлдилеген ана жөнінде жазылмаған дастан, айтылмаған ән, арналмаған асыл сөз кемде кем. «Мен өзінді теңдесі жоқ құдірет деп түсінем, сендік қызу мың есе артық жердің тарту күшінен», – деп

ақындар жырлағандай, адамзат баласына өмір сыйлаушы құдірет иелері болмаса, өмір де жоқ. Тарих қойнауында қалған қаншама айтулы оқиғаларда да

аналарымыздың ерен еңбектері, ержүрек батырлығы, елбасына күн туған сәттерде елі үшін, баласы, ері үшін жанкешті тірліктері өшпестей із қалдырған. Қазіргі таңда да әйелдер қауымы

өмірге ұрпақ әкеліп, шаңырақты шаттыққа бөлеп қана қоймай, қоғамның қай саласында болмасын ер азаматтармен қатар жүріп егеменді елімізді дамытуға аянбай еңбек етіп келеді. Мұнан бөлек, сіздер өңірдің көркейіп, білім және денсаулық сақтау, кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығы сынды сан түрлі саласында ауданымыздың оза шауып, асығы алшысынан түсуіне өзүлестеріңізді қосып келесіздер», – деді Абылай Базылұлы. Мұнан соң Ақтоғай аудандық мәслихат төрағасы Рашид Әбеуов, ауданның арадагерлер кеңесінің төрағасы Сәкітай Сыздықов, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Ж.Шарбеков мерекелік лебізін білдірді. Мерекелік шара барысында ақ жаулықты аналарымызға «Тоқырауын толқындары» ансамблі әннен шашу шашып, мерекелік көңіл күй сыйлады.

Гүлнар Метайқызы.

Ана – бақыт, Ана – нұр

Әсемдік пен әдеміліктің, сұлулықтың символы көктемнің ең әсем мерекесі 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесінің қашан да орны бөлек. Мереке аясында Ақтоғай ауылының әкімі Е.Керімбайдың басшылығымен, мекеме-ұжым басшылары бірлесіп ауылымыздың әйел-аналарының басын қосып, «Көгілдір от» кешін өткізді. Көктем лебімен бірге

аналар да бар. Біздің сіздерге деген әркез құрметіміз жоғары. Бүгінгі басқосуда барлық нәзік жандылардың басын қоса алмасақ та бірін үйіне барып құрметтеп, біріне марапат ұсынып елеп-ескеріп, құрмет биігіне көтеріп жатқан жағдайымыз бар. Ретімен барлық аналарымызда құрметке бөлене береді. Мереке құтты болсын, отбасыларыңызға



әсемдіктің символына айналған әйелдер қауымының бір топ өкілі «Ай-Фар» мейрамханасында бас қосып, айналаны нұрға бөледі. Мерекелік шараға аудан әкімі А.Аманжолов қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

–Өмірдегі құт-береке ана жүрегінен бастау алады. Сіздердің бойларыңызда нәзіктік пен сұлулық, ақыл мен парасат, төзімділік секілді қасиеттер қашан да үндесіп, үйлесіп тұрады. Біз сондықтанда сіздердің алдарыңызда әркез бас иеміз. Олардың қатарында жанға дауа болар дәрігерлер, ұрпақ тәрбиелеуші ұстаздар, ел экономикасын еселеп жүрген – кәсіпкерлер, өмір жалғасы ұрпақ тәрбиелеп отырған көп балалы

амандық тілейміз, еңбекте табысты болыңыздар, – деді. Іле, аудандық арадагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов, аудандық мәслихат төрағасы Р.Әбеуов, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Ж.Шарбековтер ардақты жандарға деген тілектерін жеткізді. Мереке ән мен жырға ұласып аналарымыз ұйымдастырушыларға зор алғыстарын жеткізді. Шырайлы шара соңында аналарымызға гүл шоқтары және сұлулық салонының сертификаттары табысталды. Сәні мен әні жарасқан шараға аяулы аналарымыздың атынан Шайза Бишаев апайымыз зор ризашылығын білдіріп, алғыс айтты.

А.Жаманхан.

2022 жылы қалыптастырылған ауданның Қоғамдық кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты, ауданның Қоғамдық кеңесінің жаңа құрамы сайланды

Ақтоғай ауданының Қоғамдық кеңесінің құрамы

1. Абзалбеков Алмат Кумисбекулы – Ақтоғай ауылы
2. Жанысбеков Кайырбек Елубайұлы – Ақтоғай ауылы
3. Каппарова Клара Сагиндыковна – Ақтоғай ауылы
4. Кәрібаев Мейірман Талғатұлы – Ақтоғай ауылы
5. Қайрат Алмас Қайратұлы – Ақтоғай ауылы
6. Қамаубаева Зәуреш Төлеуханқызы – Шашубай кенті
7. Сарыбаев Нурбол Амандыкович – Ақтоғай ауылы
8. Тажибаев Жасулан Муратбекович – Ақтоғай ауылы
9. Шарбеков Жандос Ганиоллаұлы – Ақтоғай ауылы
10. Шуланова Нуржамал Исагуловна – Сарышаған кенті

Қоғамдық кеңес мүшелерінің ашық дауыс беру нәтижесінде, көпшілік дауыспен бірауыздан Шарбеков Жандос Ганиоллаұлы Қоғамдық кеңестің төрағасы болып сайланды.

Хабарлама

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдігіне үміткерлер назарына!

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, кенттер, ауылдық округ әкімдерінің кезекті сайлауына қатысатын үміткерлерге «АҚТОҒАЙ АЖАРЫ» газетінің бетінде баспасөзден орын беру төлемінің мөлшері, шарттары жайлы ақпарат.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 28-бабының 3-тармағына және «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихат депутаттарының, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округ әкімдерінің кезекті сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 21 қазандағы №439 Жарлығына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары сайлау комиссияларының ақпараттық материалдарын орналастыру үшін және тіркелген кандидаттарға және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға сайлауалды бағдарламаларын, өмірбаянын жариялау үшін шарттық негізде баспа алаңын ұсынады. «АҚТОҒАЙ АЖАРЫ» газетінде баспа алаңының 1 шаршы сантиметр құны 300 теңгені құрайтынын хабарлайды.

Газет алаңында материалдар беру үміткерлер газет редакциясымен жасалынған жазбаша шарттың негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдігіне үміткерлер сайлау алдындағы үгітті қамтитын материалдарда қаржыландыру көзі туралы ақпарат көрсетілуі тиіс екенін ескертеміз.

«АҚТОҒАЙ АЖАРЫ» Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы.

Құт құйып ауыл, қалама, Ұлыс күні төрлет, далама.



Жаңа жыл

Фрат һәм Джала (Ефрат пен Тигр) өзенінің өлкесі Месопотамияда, Ғайса пайғамбар тумастан 4 мың жыл бұрын Вавилония һәм Асирия атты екі мемлекет болған еді. Осы екі халық осы күнгі қытай һәм финн халқымен қандас моңғол еді. Вавилония халқын тарих халдей деп те кеткен. Осы халдей жылы аймен есепке алынушы еді: бір жыл – он екі ай, бір ай 28, 29 һәм 30 күн деп. Бір жылдың қалған күнін он үшінші ай қылып қосушы еді.

Халдей жерін парсы алған соң парсы календары (Рим-латын тілінде айдың алдыңғы — күні осыдан уақыт есебі, еуропаша календарь) халдей ауысқан. парсы жұрты мұсылман болған соң мұсылман календарына құл болды. Халдей жаңа жылы жазғытұрғы күн мен түн теңелетінінен басталушы

еді. Бұл күнде парсы тілінде «наурыз» дейді, жаңа жылдың басы дейді, жаңа жылда халық қуанып, бір-біріне гүл, жұмыртқа сыйлаушы еді. Парсы ақыны Хафиз жаңа жыл мейрамын неше буын қылып мактайды. Біздің түрік жұрты сол Халдей заманынан бері моңғолмен бірге жасап, аралас тіршілік етіп келеді. Біздің жаңа жылдың да шыққан жері осы айтылған екі өзен өлкесіне барады-ау деймін. Бір жылда жер күннен бір айналып, баяғы орнына келеді. Бір күнде жер өзінен-өзі арбаның дөңгелегінше айналып орнына келеді. Бір жылға түгел күн келмейді.

Біздің орыс патшалығы ұстап отырған календарды – Рим патшасы Юлий осы уақыт есебіне халқын аударған үшін «Юлиан календары» дейді. Бұл календарда януар – 31, февраль – 28, март – 31, апрель – 30, май – 31, июнь – 30, июль – 31, август – 31, сентябрь – 30, октябрь – 31, ноябрь – 30, декабрь – 31 күн болады.

Бұлай болған соң, жыл 365 күн болып шығады. 365 күнде жер күннен айналып бола алмайды. Жер күннен айналып болуына 365 толық тәулік, тағы бір ширек тәуліктен азырақ уақыт керек. Юлиан календары өзге сөзбен ескі стиль, бір жылды 365 бүтін тәулік һәм бір ширек тәулік қылып есептейді. Бұл ескі жылдың арасы мынау: 128 жылда календарь жылы күн жылына бір тәулік кейін қалады. Ескі стиль жылы 365 тәулік бір ширек дедік. Үш жыл өткізіп төртінші жылы февраль айын 29 қылып санайтыны – осы төрт ширекті қосып алғаны. Февраль айы 29 күн болатын жылды орысша «високосный» дейді. Жыл цифрының кейінгі цифрлары төртке дәл бөлінсе,

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың 1914 жылы 9 наурызда «Қазақ» газетінің №53-і санында «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен Наурыз туралы жазған мақаласы

жыл високосный болады. Мысалы, 1912, 1916, 1920, 1924..., 12, 16, 20, 24 төртке дәл бөлінеді. Еуропада «Григорьянский» календары өзге сөзбен жаңа стиль. Жаңа стиль жолын жасатқан Григорий деген Рим патшасының атынан шыққан. Бұл жаңа стиль жылы да күн жылынан шабан. Бірақ, бұл шабандық тым аз: 4241 жылда есеп жылы күн жылынан бір тәулік кейін қалады. Күн жылынан қалмаймын десе, ескі стильден алып отырған халық 128 жылда, жаңа стильді алып отырған халық 4241 жылда бір тәулік қосып алады. XIX ғасырда осы екі стиль арасы 12 тәулік еді. Бізде



7-ші март болса, жаңа стиль Еуропада 19-шы март еді.

XX ғасырда жаңа стиль кемде-кем жатқан бір тәулігін қосып алды. Енді ескі стиль арасы 13 күн болады. Мұсылман болмас бұрын ғұрып жылы – 12 ай, бір ай – 29-30 тәулік еді. Күн жылына жанасамын деп әр-бір үш жылда бір ай қосып алатын болды. Халифа Рашидин заманында мұсылмандар бұл есепті өшіріп, хижраттың басталуынан есеп қылуды ұнатты. Бір ай жылы күн жылына жанаспайды.

Жапония 1872 жылдан, Корея 1892 жылдан бері жаңа стильге кірді. Түбінде осы ескі һәм жаңа стиль барша мәдени халық кіретін жол болар. Енді бір-екі ауыз сөз жаңа жыл туралы: Мұсадан бері еврей жаңа жылы марттан басталады, Римде жаңа жыл март еді. Біздің қазақ жаңа жылы марта болғаны – адасқан емес. Жаңа жыл мартта болса, күн мен түн тең болғаннан бастау керек. Ескі стильде бұл күн 9-шы март болады.

Қыр баласы.

2025 жылдың 6 сәуіріне тағайындалған Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша Қызыларай ауылдық округі әкіміне кандидаттарды тіркеу қорытындысы туралы Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Ахметов Ерлан Курмашович, 1974 жылы туған, бас маман, «Қарабұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының» ММ, тұрғылықты жері Қарағанды облысы, Қарабұлақ ауылдық округі, Нарманбет ауылы, ұлты қазақ, өзін-өзі ұсынған, тіркелген күні 14.03.2025ж.

Толепбекова Шекер Мадениятовна, 1983 жылы туған, бас маман, «Қызыларай ауылдық округі әкімі аппаратының» ММ, тұрғылықты жері Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылдық округі, Ақжарық ауылы, ұлты қазақ, «Аманат» партиясы ұсынған, тіркелген күні 14.03.2025ж.

Тұрсынбекова Шолпан Оразбековна, 1972 жылы туған, бас маман, «Кежек ауылдық округі әкімі аппаратының» ММ, тұрғылықты жері Қарағанды облысы, Кежек ауылдық округі, Ақши ауылы, ұлты қазақ, өзін-өзі ұсынған, тіркелген күні 14.03.2025ж.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.



* Мемлекеттік қызмет

Әдеп жөніндегі кеңестің отырысы өткізілді

МҚІА Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Жандос Сәрсен Әдеп жөніндегі кеңестің кезекті отырысын өткізді.

Күн тәртібіне сәйкес, 6 мәселе қарастырылды. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшілерге еңбек демалыстарын беру және іссапар шығындарын төлеу талаптарының сақталуына жүргізілген талдаудың нәтижелері, сондай-ақ, бірқатар мемлекеттік орган басшыларының мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі жұмыстың қорытындылары тыңдалды.

Нұра ауданы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілімен мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтауына мониторингті және бақылауды жүзеге асыру бойынша атқарылған жұмыстары, Қарағанды қаласы әкімі аппаратының тәртіптік комис-сиясының төрағасының құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар туралы есептері қарастырылды. Сонымен қатар, бір мемлекеттік қызметшіге қатысты қозғалған тәртіптік іс қарастырылып, Кеңес қорытындысы бойынша оған «ескерту» түрінде тәртіптік жаза қолданылды. Өз кезегінде мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері онлайн режимде ат салысып, туындаған сұрақтарға жауап берді.

Жиын соңында Кеңес мүшелері бекітілген заң талаптары мен әдеп қағидаларын қатаң сақтау, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша тиісті ұсыныстар берді.

МҚІА Қарағанды облысы бойынша департаменті.

Құттықтаймыз!

Құрметті көршіміз
Құсайынова Айгүл
Қамбарқызы!

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз.

Міне, аман-есен бала-шаға, туғандарының ортасында алтыншы асқардың шыңына қол созып отырсыз. Сізге мол қажырқайрат, зор денсаулық, бақ-береке тілейміз. Бақытты ғұмыр кешіп, әрдайым балаларыңыздың қызығын көріп, ортамызда ойнап-күліп, қартаймай жүре беріңіз. Дос-жаран, туған-туыс арасында абыройыңыз артып, жүзіңізден күлкі кетпесін. Асқақ арман, асыл мұраттарыңыз орындалып, өмірдің иуағына бөлене беруді Алла нәсіп етсін.

Құтты болсын қуанышты күніңіз, Бақытты болып шаттық өмір сүріңіз. Алпыстың да асқарына жеттіңіз, Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

Ақ тілекпен: көршілері – **Қанат Егінбаев, Жансерік, Еркін, Есенгелді, Нұрлан, Ергазы, Қума, Айдос, Кеңес, Қоли, Тоқай, Қанат Тохметов, Жәнібек.**





Ардагер ұстаз Айжан Имантаева-Тлекова 1957 жылы Ақтоғай ауданында дүниеге келген. 1974 жылы М.Горький (қазіргі Ә.Бөкейханов) атындағы орта мектепті, ал 1984 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің филология бөлімін бітірген. Он үш жасынан бастап өлең жазып, өлеңді өміріне серік еткен ол 1984 жылдан 2015 жылға дейін бұрынғы Семей, қазіргі Абай облысы Абай ауданындағы Абай атындағы көп салалы мектеп-лицейде ұстаздық қызмет атқарған. Мұғалім деген мәртебелі мамандықтың туын тік көтере жүріп, ұлылар елінің келіні атанып, жар сүйіп, төрт ұл тәрбиелеп өсірген. Жан-жүрегі қалаған ұстаздық қызметін адал атқарған ол, Өлең атты киелі өлкеден алыстамай, күні бүгінге дейін қаламын қолынан тастамай келеді. Оның жырлары Алматы қаласынан жарық көрген «Мезгіл әуендері», «Махаббат жырлары» сияқты бірнеше жинақтарға енген.



Айлы түнде айналамын өлеңге

Күтумен өтер ғұмырың

Өткен күнге қайрылып, бұрыл мейлі бұрылма,
Күтуменен жүресің мына қысқа ғұмырда.
Бір жақсылық келер деп атар таңды күтесің,
Күтуменен өтеді айың, күнің, жылың да.

Аязды қыс тондырып, ақ жүзінді өпкенде,
Жетсем дейсің тезірек күншуақты көктемге.
Өміріңе әр берер әлдекімді күтесің,
Біреулер кеп жаныңа жара салып кеткенде.

Қайғың менен шаттығың жатса кейде алмасып,
Бір қуаныш күтесің болып атар таңға асық.
Шығарып сап бүгінді ертеңінді күтесің,
Сөйтіп күндер өтеді бір-бірімен жалғасып.

Түнді кейде күтесің қызарып күн батарда,
Көлігінді күтесің шықсаң алыс сапарға.
Тағдырыңнан ерекше керемет сый күтесің,
Көтерілсем биікке, қосылсам деп қатарға.

Уақыт шіркін ешқашан бір орында тұрмайды,
Кейде күтіп аңсаған арманыңды ұрлайды.
Сонда да сен әйтеуір шаршамайсың күтуден,
Үмітпенен өткізіп зырылдаған күнді, айды.

«Келер күнім ұсынар бар ғой бағым, үлесім» –
Деп біреуді сағынып, күтуменен жүресің.
Көңілімнің көшесі жайнап тұрса екен деп,
Мына өмірді бескүндік күтуменен сүресің.



Далам менің

Аялаған арманның ақбөкенін,
Дала – сенің мәңгілік бақ мекенің.
Сол далаға қарап-ақ ұғынасың,
Мына жалған дүниенің тәтті екенін.
Ақ жүзінді самалға аймалатып,
Көкжиекке көз тастап, ойға батып;
Құшағында даланың тұру да – арман,
Өміріңнің бір сәті – айға татып.
Дала – шаттық, дала – күй, дала – бақыт,
Арманыңның ақ туын далаға тік!
Бұл далада бір кезде бабам жүрген,
Ит жүгіртіп, құс салып, садақ атып.
Сылдырында жататын сұрақ тұнып,
Қадам бассаң ағатын бұлақ күліп;
Сол даланың түніне не жетеді,
Үмітінді жағатын шырақ қылып.
Бұл далада әкемнің ізі қалған,
Көктем-жазы, қысы мен күзі қалған.
Тау басынан қарасаң, сары далада,
Ақ сағым боп барады жүзіп арман.
Шаршағанда тірліктен сабылысқан,
Жүрегімді баса алмай алып-ұшқан;
Мен саған тағы келем, сайын далам,
Мен өйткені жаралғам сағыныштан!

22.06.2024. Ақтоғай.

Біз екеуміз енді бірге жүрмейміз,
Бірге отырып қуанбаймыз, күлмейміз.
Бес-ақ күндік мына алдамшы жалғанда,
Бұрынғыдай бақытты өмір сүрмейміз.
Енді біздің қосылмайды басымыз,
Енді бірге ішілмейді асымыз.
Екеумізді екі айырды Жаратқан,
Жер ортадан асқан шақта жасымыз.
Бұрынғыдай сырласпаймыз енді біз,
Көңілімнің бақшасына келді күз.
Сені жоқтап қалтырайды жүрегім,
Басқандай-ақ аспан менен жерді мұз.
Енді екеуміз түнек пенен тандаймыз,
Қолтықтасып енді ешқайда бармаймыз.
Енді екеуміз сәл нәрсеге дауласып,
Қабақ шытып, өкпелей де алмаймыз.
Кездеспейміз, тілдеспейміз мүлде біз,
Екі жаққа ажырады іргеміз.
Атқан танды енді бірге қарсы алып,
Үмітпенен қарамаймыз Күнге біз.
...Солай жаным, енді бірге жүрмеймін,
Үміт отын жалғыз өзім үрлеймін.
Тағдырымыз қолында ғой құдайдың,
Ал құдайға не айтарымды білмеймін.
Жел өтінде жалғыз қалған гүлдеймін.

Уақыт

Ойлап тұрсаң өміріңде саналы,
Ештеңе жоқ уақыттан бағалы
Уақытың біткен күні бағың да,
Байлығың да – бәрі әдіра қалады.

Бар билігің уақыттың қолында,
Бағынышты тіпті жүрер жолың да.
Бірақ, бірақ уақыттың қадірін,
Бағалаймыз өмірдің тек соңында.

Таң атады, күн батады алмасып,
Жақсы-жаман жатады ылғи арбасып.
Апта түгіл ай да өтіп, жыл өтіп,
Зымырайды бір-бірімен жалғасып.

Тез-ақ өсіп кеше туған баламыз,
«Уақыт жүйрік» - деп танданып қаламыз.
Жүздесуге уақытымыз тапшы боп,
Ағайынмен суысады арамыз.

Уақыт барда әулиеміз, құдаймыз,
Әлдекімді жамандаймыз, сынаймыз.
Ал жақсылық жасау үшін біреуге,
Уақыт шіркін жетпейді деп жылаймыз.

Денсаулықтың қадірін де мына біз,
Уақытын өткізген соң ұғамыз.
Бұл жалғаннан уақытты ешқашан,
Бағаламай өтеміз-ау, сірә біз.



Күліп жүріп...

Ұсынса да кейде саған жасығың,
Өмір сенің баға жетпес асылың
Күліп жүрші, мына бес күн жалғанда,
Алшысынан түскен жандай асығың.
Мейлі саған бақыт мойын бұрмасын,
Мейлі біреу шаттығыңды ұрласын.
Күліп жүрші, тік көтеріп еңсенді,
Соған бола сағың сенің сынбасын.
Жетесіздер басып кейде желкеңнен,
Сәттерде де жаның күйіп, өртенген;
Күліп жүрші, сенімінді серік қып,
Күдер үзбей жақсылықтан, ертеңнен.
Бұлдап кейде айтқан сөзін, ақылын,
Сенен теріс айналса да жақынын;
Күліп жүрші, сырт көздерге сыр бермей,
Алла бәрін реттейді ақырын.
Жеткенінше төзімнің мен шыдамың,
Көтеріп ап тағдырыңның сынағың;
Күліп жүрші! Сенің әсем күлкінді,
Ұнатады анау аспан, мына Күн!
Көңіліңді басып тұрған күпті қып,
Қиындықты қарсы ал-дағы тік тұрып;
Күліп жүрші! Қарсы жүзіп ағысқа,
Өмір сүру – мықтылық!



Байбота Қошым-Ноғайдың фб парақшасындағы
жанарынан жас тамшылаған кішкентай мысықтың
суретін көргенде туған өлең.

Марғауым-ау, неге сонша жыладың?
Сенді ме әлде үміт атты шырағың?
Қатыгездік көрсетті ме адамдар,
Шуағымен жылытпады ма мына Күн?
Анаң әлде адастырып кетті ме?
Бір тасбауыр бүйіріңнен тепті ме?
Мұздай жерде жатып қалып дәрменсіз,
Жамбасыңнан сүп-суық сыз өтті ме?
Кіп-кішкентай күнәсізім, сүйкімдім,
Жүрегіме ұялатты-ау сиқың мұң.
Сездің бе әлде дүниеде жан жоғын,
Тыныштығын күзететін ұйқыңның.
Сыз топырақ болып әлде бесігің,
Ашпады ма Бақыт саған есігің?
Мейірімсіз адамдардың атынан,
Марғау, сенен сұраймын мен кешірім.
Қатыгездік жайлап алған санасын,
Адамдардан қайдан мейір табасың?
Кейбіреулер тастап жатыр қоқысқа,
Сен түгілі, іштен шыққан баласын.
Солай, марғау! Адам қазір өзгерген,
Қиянатқа барады олар кез келген.
Жылылықты табу қиын бүгінде,
Тасқа айналған жүрек пенен көздерден.
Аман болсаң, әлі талай жыларсың,
Аштыққа да, жоқтыққа да шыдарсың.
Жылап жүріп мына жалған дүниеде,
Жақсылықтың аз екенін

«Дем беретін көңіліме жүдеген,
Жазшы – дедің, - мен оқитын бір өлең».
Менің жырым жүрегімнің төріне
Мұңмен бірге түнеген.

Дүние жайнап, шие гүлін тағынған,
Көктемде де мұң-көрпені жамылған;
Менің жырым саған ұнай қояр ма,
Сағынышқа малынған.

Бір жақсылық күтіп таңнан, іңірден,
Әр шумағы Айдың нұрын сімірген;
Менің жырым Түнге кейде ұқсайды,
Тереземнен үңілген.

Мөлдір моншақ тамып кейде көзімнен,
Кездерімде жалғыздықты сезінген;
Жанымды ұғып, жұбататын Өлеңім
Аумай қалған өзімнен.

Менің жырым ерке әрі мұңлылау,
Жат бірақ та оған жылап, тұнжырау.
Тағдыр оны қайыстыра алмаған,
Салса-дағы мың бұрау.

Менің жырым – менің сырым, ұғып ал,
Әр сөзінде жүрегімнің үні бар.
Әр әрпінде лүпілі бар жүректің,
Көңілімнің гүлі бар.

Әр өлеңде жүріп өткен ізім бар,
Тағдырымнан татқан дәмім-тұзым бар.
Жарқын жазым, көктемім бар көрікті,
Және сары күзім бар.

Жыр маржанын теріп ылғи тереңнен,
Міне осылай ғұмыр кешіп келем мен.
Мына жарық дүние мен Өлеңді
Шексіз жақсы көрем мен!



Өлеңімді жылы сөзбен өріп бір,
Жарқ еткізіп жанарымнан төгіп нұр;
Жылдар бойы жан-дүниемді жылытқан,
Жүрегімді еркелеткім келіп тұр.

«Мен үшін сен теңдесі жоқ нұрсың» - деп,
«Неге осы біртүрлі боп жүрсің?» - деп;
Жүрегімді еркелеткім келіп тұр,
Көкірегімде соғып тұрған дүрсілдеп.

«Ауырмашы, айналайын ақылдым?!» -
деп, қайталап Жүрегімнің атын мың;
Оңашада еркелеткім келіп тұр,
Өйткені ол - Жүрегі ғой ақынның!

Бұл жүрекке салмақ салдым қаншалық,
Бірге күлдік, бірге жылап, шаршадық.
Мен бақытқа бөленгенде Жүрегім,
Қуаныштан тұрды ылғи ән салып.

Қиындықты бірге көрдік. Шыдадық,
Арман-тауға жетпей бірге құладық.
Бірге жүріп сезім отын жақтық та,
Ғашық болдық. Біреулерге ұнадық.

Әлі күнге қинап келем байғұсты,
Бір мен үшін мұң сіміріп, қайғы ішті.
Бір мен үшін кемесімен қиялдың,
Көкке самғап, қол жетпейтін Айға ұшты.

...Бүгін енді жанарымнан төгіп нұр,
Өне бойын өлең болып өбіп бір;
Көкірегімде соғып тұрған лүпілдеп,
Жүрегімді еркелеткім келіп тұр!



*Біздің елде не жоқ дейсің?! Бәрі бар!
Не керектің бәрі бізден табылар.
Асып-тасқан байлық та бар, бақ та бар,
Бақытсыздың мұңы менен зары бар.
Тарихында өткен күннің табы бар,
Біздің елде не жоқ дейсің?! Бәрі бар!
Халқын аса ойламайтын билік бар,
Сол биліктің солқылдақтау заңы бар.
Біздің елде не жоқ дейсің?! Бәрі бар!
Жемқор да бар. Ұры менен қары бар.
Желтоқсан мен қақап тұрған қаңтарда,
Жазықсыздың қара тамған қаны бар.
Біздің елде не жоқ дейсің?! Бәрі бар!
Қымбат тағам және қымбат дәрі бар.
Бәрі қымбат. Тек арзандау бағада
Адамдардың намысы мен ары бар.
Біздің елде не жоқ дейсің?! Бәрі бар!
Жаратқанға жөнiмiз жоқ шағынар.
Жерiм тыныш, елiм аман болса егер,
Жақсылыққа бастайтын жол табылар.
Біздің елде не жоқ дейсің?! Бәрі бар.*

Өн бойынан есіп ғажап ізгілік,
Арманымды аспанында жүздіріп;
Кеше ғана тереземнің алдынан,
Өтіп еді Күз күліп.
«Шаттығыннан көп боп жүр ме мұңын» - деп,
«Менің әппақ шұғылама жылын» - деп;
Кеше ғана жайма-шуақ қалыпта,
Күз жүр еді күлімдеп.
Кеше ғана сан бояуға малынып,
Алтын зерлі қызғылт шапан жамылып;
Жүр еді Күз жапырақтан сары-ала
Сырға, моншақ тағынып.
Кеше ғана... жадырап Күз тұр еді,
Күлкісі – Күн, ал келбеті – нұр еді.
Ал, бүгін ше... Күздің көгін бұлт басып,
Мұңға толды жүрегі.
Кеше ғана, кеше ғана... анық - бұл,
Күз жүр еді жанарларға жағып нұр.
Ал бүгін ше... қар ұшқындап далада,
Қара суық қарып тұр.



Тәтті әуендей естілетін шалғайдан,
Өлең болып төгілетін таңдайдан;
Көкірегімде сағыныш бар керемет,
Сартап болып, күз сияқты сарғайған.
Кейде күзгі жаңбыр-сынды селдейтін,
Көңілімнің көлін шайқап, тербейтін;
Көкірегімде сағыныш бар ғажайып,
Ештеңеге айырбасқа бермейтін.
Мұңға орайтын жүректі күз келгенде,
Сарқылмайтын сағыныш бар кеудемде.
Сағыныш бар сыздататын жанымды,
Сағыныш бар көнбейтұғын емдеуге.
Сары күзде көктем болып гүл ашқан,
Аңсайтұғын жастық шағын қыр асқан;
Көкірегімде сағыныш бар тәп-тәтті,
Сағыныш бар күзден күзге ұлаасқан.



*Араға жарты ғасыр салып, өмірімнің алғашқы он
сегіз жылына куә болған ұшқан ұямды арнайы іздеп
барып, көріп қайттым.*

Өскен үйім, киелім, бақ мекенім,
Бар екенің қуантты-ау, жақсы екенің.
Сен арқылы түсінгем мына өмірдің,
Қымбат әрі шекердей тәтті екенін.

Ақ босағам, құты мол шаңырағым,
Алыс қалған аңсарым, сағым-әнім.
Саған деген сағыныш жылдар бойы,
Тыным бермей, құйған-ды жанымға мұң.

Жетегінде кеттім бе желік күннің,
Жылдар салып араға келіп тұрмын.
Түлеп ұшқан құтты ұям, бұл өмірдің,
Құдірет, қасиетін сен ұқтырдың.

Ұршығындай анамның зырылдаған,
Уақыт шіркін ешкімге бұрылмаған.
Көрінетін патшаның сарайындай,
Үш бөлмелі шағын үй бұрын маған.

Жас шылап тұманданған жанарымды,
Еске алып алаңсыз шақ, бала күнді.
Киелі босағаңнан аттай бердім,
Әкем бағып тұрғандай қабағымды.

«Елу жылда келдің-ау бірінші рет,
Тоңдың ба? Құшақтайын, жылыншы!» - деп,
Төр бөлмеден жаулығы ағараңдап,
Анам шыға келердей күлімсіреп.

Тілсе-дағы жүрегін алмас-күдік,
Әр күнін үмітпенен жалғастырып,
Ақырын шертіп қойып домбырасын,
Отырғандай жан әкем малдас құрып.

Алаңдап жан-жағыма қарай бердім,
Төріңнен тым ерекше арай көрдім.
Сенде өткізген бақытты жылдарымның,
Әр күнін есіме алып, санай бердім.

Іздегенмен өткенін таба алар кім?
Мына жерде ізі бар жан анамның.
Жаңа ғана жайылған дастарханда,
Иісі бұркырай ма таба нанның?

Анау не? Сары май ма тегештегі?
Өткен шақ бүгінгідей елестеді.
Жылдар бойы осылай жанымда жүр,
Әкем мен анашымның елестері.

Ұшқан ұям, аяулы құт мекенім,
Көрдің ғой көңілімнің күпті екенін.
Мәңгілік сағыныш боп тұра берші,
Көрсетіп шаңырақтың мықты екенін!



Білесің бе бақыттың не екенін?

Біреу келіп: «Бақыт - ғажап құс» - дейді,
Біреу енді сиқырлы алып күш дейді.
Іздегенмен көрінбейді ол көзіне,
Уысыңа оңайлықпен түспейді.
Көктем болып шырқап кейде құс әнін,
Арманыңның кеседі ол тұсауын.
Самал болып ақ жүзінді аймалап,
Анаң болып ашады ылғи құшағын.
Тағдырыңның түзу болса қабағы,
Бақыт сені өзі-ақ іздеп табады.
Шашу етіп періштенің күлкісін,
Есігінді сәби болып қағады.
Қиналғанда тосар саған иықты,
Жолығады ол жақсы жар боп сүйікті.
Атақ болып аяғыңның астына,
Тастайды әкеп қолың жетпес биікті.
Сыйға тартып салтанатты сарайды,
Кейде саған байлық болып қарайды.
Жақсылықтың бәрін үйіп басыңа,
Үлде менен бұлдеге де орайды.
Шаршағанда, таусылғанда шыдамың,
Сілкіп тастап көңіліңнің мұнарын;
Бақыт саған жолығады жалын боп,
Сөнбесін деп кеудеңдегі шырағың.
Қолмен ұстап, көрмеген соң көзіміз,
Бақытты әттең, байқамаймыз өзіміз.
...Жүрегіміз жарылардай шаттанған
Әр сәтіміз - ең бақытты кезіміз!



АҚТОҒАЙ АҒАРҒЫ 6 14 наурыз 2025 жыл

Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылы әкіміне үміркерлердің сайлауалды бағдарламасы

Қызыларай ауылының әкіміне үміткер Ахметов Ерлан Құрмашұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы



Мен, Ахметов Ерлан Құрмашұлы 1974 жылы 21 қазан күні Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нарманбет ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келдім. 1981-1991 жылдары М.Ержанов атындағы орта мектептен 11-сыныпты аяқтадым, 1991-1996 жылдары Қарқаралы малдәрігерлік колледжін аяқтадым. 1992-1994 жылдары әскер қатарында болдым. М.Х.Қашқари атындағы Тараз өңірлік университетіне «Жергілікті басқару мамандығы» бойынша аяқтадым. 1996-2008 жылдары «Рахым» шаруа қожалығында мүше, жетекші болып жұмыс жасадым. 2008-2017 жылдары мұнай құбырында күзетші болып жұмыс істедім.

2019 жылдан бері Қарабұлақ ауылдық округі аппаратында бас маман болып қызмет етемін. Отбасылымын. 4 балам бар.

Сайлауалды бағдарлама

Сайлаушылар – маған сенім білдірген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдылықтарын сақтай отырып, Қызыларай ауылдық округінде мемлекет жүргізіп отырған саясатқа сәйкес халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының оңалуына өз күш-жігерімді жұмсаймын.

- Өңірге инвестиция тарту жұмыстарын жүргізу, инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу;
- Ауылдық округ тұрғындары үшін азық-түлік өнімдерін төмендетілген бағамен жеткізуді ұйымдастыру;
- Жұмыссыздар санын азайту бойынша жұмыстарын жүргізу;
- Шағын және орта бизнесті қолдау арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етіп, жұмыссыздықтың деңгейін төмендету бағытындағы жұмысты жандандыру;
- Кәсіпкерлік потенциалды дамытуға қолдау көрсету;
- Тұрғындарының ауыз суға қатысты мәселелерді шешуге ықпал ету;
- Электр қуатын беру сапасын жақсарту, тозған электр желілерін айырбастау бойынша жұмыстар жүргізу. Жел күшімен және күн көзінен өндіретін қондырғыларды ауылдық округ аумағында кеңінен насихаттау және енгізу. Осы қондырғылар арқылы шаруа қожалықтарын электр қуатымен жабдықтау жұмыстарын жүргізу. Үнемдеу технологиясын енгізуге бағытталған кешенді жоспарын әзірлеу және іске асыру.
- Тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру. Азаматтардың сапалы медициналық емделуіне және ана мен бала денсаулығын сақтауда қолдау жасау;
- Өңірге мобильді байланыс, интернет жүйесін толық енгізуге күш салу;
- Оқушылардың сапалы білім алуы бойынша жұмыстарды жандандыру;
- Ауылға жас мамандарды (мұғалім, дәрігер, ветеринар т.б.) тарту үшін жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарымен байланыс орнату.

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

Қызыларай ауылының әкіміне үміткер Тұрсынбекова Шолпан Оразбекқызының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы



Мен, Тұрсынбекова Шолпан Оразбекқызы 1972 жылы Қарағанды облысы, Балқаш қаласында дүниеге келдім. 1979 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақши орта мектебіне 1-сыныпқа қабылданып, 1989 жылы 10 жылдықты аяқтадым. 1989-1991 жылдар аралығында Жезқазған қаласындағы «Талап совхоз-техникумының» экономист-бухгалтер факультетін аяқтадым. 2004-2007 жылдар аралығында Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің «Мемлекеттік және жергілікті басқару» факультетін аяқтадым. Мемлекеттік және жергілікті басқару бакалавры дәрежесі берілді. Білімім жоғары. Еңбек жолымды Ақтоғай ауданы Ақши селосы «Сарыарқа» совхозында тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы есепшісі болып бастадым.

1998-1999 жылдарда Ақтоғай ауданы, Кежек ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде бас маман болып қызмет атқарып келемін. Отбасылымын 2 балам бар.

Құрметті сайлаушылар!

Сайлаушылар маған сенім білдірген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдылықтарын сақтай отырып, Қызыларай ауылдық округінде мемлекет жүргізіп отырған саясатқа сәйкес халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының оңалуына өз күш-жігерімді жұмсаймын.

- Занда бекітілген тәртіп бойынша округ тұрғындарының мүддесін қорғап, олардың талап – тілектерін жүзеге асыру;
- Бюджет қаржысының тиімді, мақсатты түрде жұмсалуды қамтамасыз ету;

Қызыларай ауылының әкіміне үміткер Төлепбекова Шекер Мәдениетқызының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы



Мен, Төлепбекова Шекер Мәдениетқызы, 1983 жылы 9 қыркүйекте Қызыларай ауылында дүниеге келдім. Қызыларай жалпы орта білім беретін мектебінің тоғызыншы сыныбынан кейін Қарағанды қаржы институтының лицейін, колледжін, институтын аяқтадым. Мамандығым қаржыгер-заңгер.

Еңбек жолымды – Қарағанды қаржы институтында лаборант болып бастадым. Қызыларай жалпы орта білім беретін мектебінде есепші, Қызыларай ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман, 2015-2019 жылдары Қызыларай ауылдық округі әкімі қызметтерін атқардым. Бүгінгі күнге дейін Қызыларай ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маман болып қызмет атқарудамын.

Отбасылы, төрт балам бар.

Құрметті сайлаушылар!

Өзімнің туып өскен жерімде еңбек жолымның басым бөлігі жалғасуда, сол себепті туған өңірдің тұрмыс-тынысы мен проблемалық мәселелерімен жақсы таныспын. Ауыл халқымен тығыз байланыста болып, ортақ мәміледе бірлесе шешіп, ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін жақсарту мақсатында жұмыс атқаратын боламын:

- мектеп болса ауыл да сақталады, ол үшін сырттан көшіп келушілер легін шақырып, оларға қажетті жағдай жасау тетігін қарастыру;
- ауылшаруашылығы саласында заманауи технологияларға негізделген инвестициялық жобаларды жүзеге асыру;
- былтырғы жылдан бері бастау алған аудандық маңызды автомобиль жолдарының сапалы жасалуына қадағалау жасау, ауылшілік жолдарды, көпірлерді жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- ауыл тұрғындарының мемлекеттік бағдарламаларға қатысуына бағыт бағдар бере отырып, жұмыссыздар санын азайту бойынша жұмыстар ұйымдастыру;
- шағын және орта шаруашылықтар мен жеке қосалқы шаруашылықтарға мемлекеттік қолдауларды көрсетуді қамтамасыз ету (ауылшаруашылығы кооперативтері желісін құру);
- тұрғындар арасында ұлттық салт-дәстүрлер арқылы рухани тәрбие шараларын күшейту, ұрпақ тәрбиесінде отбасылық құндылықтарды дамыту

Қымбатты ауылдастар!

Өз тарапымнан, мемлекеттік қызметте алған тәжірибемді, білімім мен қабілетімді басшылыққа ала отырып, ауылымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуын және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз ету жолында жүйелі түрде жұмыс жасауға бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Барлығымыз бірге, белгіленген межелерге қол жеткізе алатынымызға сенімдімін. Ауылымызды бірге көркейтейік!

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

- Мемлекеттік бағдарламалардың барлық артықшылықтарын пайдалана отырып, ауылдық округтің әлеуметтік – экономикалық жағдайын жақсарту;
- Ауылшаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан берілетін барлық жеңілдіктермен қаржылай қолдауға шаруа қожалықтарының толыққанды қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Ауылшаруашылығы тауар өндірушілерді ауылшаруашылық жаңа техникалармен қамтамасыз ету, әр шаруа қожалықтардың жаңа жобаларын енгізулерін бағыттау жұмыстарын ұйымдастыру;
- Мал басын асылдандыру, бордақылау бағыттарында атқарылатын іс-шараларға ұйымдастыру;
- Мал шаруашылығын және өсімдік шаруашылығын дамытуға байланысты жұмыстар жүргізу;
- Көпжылдық шөптерді егу арқылы ең алдымен тозған жерлерді қалпына келтіру және ауылдық округ көлемінде игерілмей жатқан егістік жерлерді айналымға қайта енгізу. Жем-шөп базасын нығайту;
- Мақсатты түрде пайдаланбаған жер телімдерін дұрыс пайдалануға қосу жұмыстарын жүргізу;
- Өңірге инвестиция тарту жұмыстарын жүргізу, инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу;
- Ауылдық округ тұрғындары үшін азық-түлік өнімдерін төмендетілген бағамен жеткізуді ұйымдастыру;
- Жұмыссыздар санын азайту бойынша жұмыстарын жүргізу;
- Шағын және орта бизнесті қолдау арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етіп, жұмыссыздықтың деңгейін төмендету бағытындағы жұмысты жандандыру;
- Электр қуатын беру сапасын жақсарту, тозған электр желілерін айырбастау бойынша жұмыстар жүргізу. Жел күшімен және күн көзінен өндіретін қондырғыларды ауылдық округ аумағында кеңінен насихаттау және енгізу. Осы қондырғылар арқылы шаруа қожалықтарын электр қуатымен жабдықтау жұмыстарын жүргізу. Үнемдеу технологиясын енгізуге бағытталған кешенді жоспарын әзірлеу және іске асыруға жұмыс істеймін.

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

* Денсаулық

Су тасқыны кезінде жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары

Көктемде қардың, мұздың еруі нәтижесінде жауын-шашын, өзендердің арнасынан асуы судың сапасының нашарлауына әкеледі, ішек инфекциялары мен паразиттік аурулардың су жолымен таралу қаупін тудырады.

Қоршаған ортада, тамақ өнімдерінде және суда ішек инфекцияларының қоздырғыштарын көбейтуі үшін қолайлы жағдайлар туындайды.

Су тасқыны кезінде су жолымен берілетін инфекциялар қоздырғыштарының таралу ықтималдығы артады, өйткені еріген қармен өзендер мен су қоймаларына көптеген қоқыстар, жануарлардың нәжістері және ластанған сулар түседі.

Іш сүзегі, паратиф, сальмонеллез, А және Е вирустық гепатиттері, жігіт ішек инфекциялары, дизентерия, ротавирустық және энтеровирустық инфекция, тырысқақ - бұл еріген сулардың салдарынан пайда болатын жедел ішек инфекцияларының шағын тізімі.

«А» вирустық гепатиті-бауырға әсер ететін жұқпалы ауру. Аурудың белгілері терінің және көз склерасының сарғаюы. «А» вирустық гепатитінде тұмауға, жедел ішек инфекциясына ұқсас белгілер бар. Симптомдар: дене температурасының жоғарылауы, жалпы әлсіздік, бас ауруы, бұлшықет ауруы (миалгия), тәбеттің нашарлауы, жүрек айну, құсу, сұйытылған үлкен дәрет, оң жақ қабырға асытының, эпигастрий аймағындағы ауырсыну түрінде көрінеді.

Дизентерия-бұл асқазан-ішек жолдарына, әсіресе тоқ ішекке әсер ететін жұқпалы ауру. Ауру жігіт өтеді. Дизентерия кезінде ағзаның интоксикациясы байқалады, көп реттік құсу, сұйытылған үлкен дәрет, дене температурасының жоғарылауы, дене қалтырауы, тәбеттің төмендеуі, бас ауруы байқалады.

Бактериялық және вирустық ластанудан басқа, улы элементтер, ауыр металл тұздары, мұнай өнімдері, минералды және органикалық тыңайтқыштар және т.б. көптеген аурулардың тасымалдаушысы болып табылатын кеміргіштер мен ұсақ жануарлар су тасқынынан қашып, тұрғын үйлер мен ғимараттарға қоныс аударады, бұл адамның жұқпалы аурулармен ауыру қаупін арттырады.

Жедел инфекциялық аурудың белгілері пайда болған кезде дереу медициналық көмекке жүгіну керек.

Су тасқыны кезінде аурулардың пайда болуы мен таралуының алдын алу мақсатында келесі гигиеналық талаптарды сақтау қажет:

- Азық-түлік және өндіріс өнімдерін сақтауда жануарлардың, кеміргіштердің, жәндіктердің болуына жол бермеу;
- Тез бұзылатын өнімдерді сақтау ережелерін қадағалау;
- Су басқан тағамдарды қолданбау;
- Балалардың жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылауға алу;
- Ыдыстарды жуу үшін тек тексерілген су көздерінен алынған суды пайдалану (су тасқынына ұшыраған аумақта құдық орналасқан жағдайда құдық суын пайдаланбау);
- Тамақ дайындау үшін бұлақтар мен құдықтардан суды зарарсыздандырғаннан, жоғары дәрежелі тұрмыстық сүзгілерді қолданғаннан, қайнатқаннан кейін ғана қолдану;
- Ішу үшін қайнатылған немесе бөтелкедегі суды қолдану;
- Жемістерді, көкөністерді қайнаған сумен шайып, жуу;
- Су басқан тағамдарды қолданбау;
- Жеке гигиена ережелерін қатаң сақтау (дәретханаға барғаннан, жануарлармен байланыста болғаннан кейін, тамақ дайындау алдында және т. б. қолды сабынмен мұқият жуу).

Қолды өңдеу үшін тері антисептиктерін, антисептикалық әсері бар дымқыл майлықтарды қолдану қажет.

Күнделікті өмірде, төтенше жағдай туындаған кезде қарапайым гигиеналық ережелерді сақтау, сондай-ақ осы ұсыныстарды орындау Сізді көптеген аурулардан қорғайтынын есте ұстаған жөн!

«Ақтоғай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

Еске алу



Аяулы жар, ардақты әке, кимас бауыр **Кішкентаев Серік Ныңғұлының** өмірден өткеніне 1 жылдың жүзі болды. Қимас көңіліміз «әкеміз арамызда жоқ» дегенге әлі сенбейді. Марқұм әкеміз байыпты да байсалды, жайсаң мінезімен, еңбек-қорлығымен, ағайын-туыс, көрші-қолаңға сыйлы

бола білді. Жазмышқа қарсы дәрмен еш пенденің пешенесіне жазылмаған. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, рухы пейіштің төрінде шалқысын деп дұға бағыштаймыз. Артта қалған ұрпағына, анамызға Алла қуат, ұзақ өмір берсін,

Ақылшы, арқа сүйер тауымыз ең, Барады жылжып ағып өмір-өзен. Жыл толды бұл дүниеден өткеніңе, Нұр жүзің әлі күнге шықпайды естен. Бәйтеректей әулетке сая болған, Бәріне де мейірімін аямаған. Өзіңдей қайда бізге аяулы адам. Батамыз бағыштаған қабыл болсын, Мекеніңе Алланың нұры толсын. Жәннатта болсын жаның, алдың жарық, Жайлы жат, торқа болсын топырағың.

Еске алушылар: жұбайы – Кенже, балалары, бауырлары.

2025 жылдың 30 наурызы күні сағат 13-00-де Ақтоғай ауылындағы «Ақсоран» мешітінде жылдық асы беріледі. Жылдық асқа ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, көршілер, көзкөрген барша жамағатты шақырамыз.

Еске алу

Ақтоғай ауылының тұрғыны болған ардақты әке **Жақсыбаев Рустем Көпжасарұлының** өмірден өткеніне 28-наурыз күні 5 жылдың жүзі болды.

Тағдырдың маңдайына жазылған жазуымен мезгілсіз келген ажал оны ерте алып кете барды. Көрер қызықтары мен татар дәмі алда еді. Қос құлының қызығын да көре алмай, жарық дүниенің қызықтарына шаттанып, өмірдің бақытты шақтарына жете алмай бақылыққа аттанды. Сырғыған уақытпен күн артынан күн өтіп, бес жылдың да қалай өткенін сезбеппіз. Сенің көрмеген қызығын мен жасамаған жасыңды қос құлыншағыңа нәсіп етсін. Қараңғы жерің жарық, жатқан жерің жайлы болып, иман байлығың берсін деп дұға бағыштаймыз.

Өмірдің өткелі көп өзіне тән, Біреуге ерте, біреуге кеш қол бұлғаған. Қысқа ғана ғұмыр-ай, өте шығар, Қамшының сабындай бұл дүние жалған. Бес жыл болды сенен де айырылғалы, Даусыңды аңсап, көңілдер қаймығады. Ешкімге зияны жоқ жан едің-ау, Ақ көңіл, ақ пейілің ойда әлі! Анаң да қалды аңырап амал қанша... Қайғының салмағы ауыр екен сонша, Ботасынан айырылған бозінгендей, Жүрегі езіледі оңашада. Қызғалдақтай қос қызың өсіп келет, Ақылына көркі сай, ойы ерек. Асқар таудай, аспандап биік тұрар, Әкенің орыны болар бөлек. Жаны жайсаң жан едің жөні бөлек. Жүрегі ақ, пейілі жұртқа ерек. Қол жайып, дұға тілеп Құран оқып, Жаратқан жар болсыншы өзіңе тек!

Еске алушылар: анасы – Риза, жары – Әйгерім, балалары – Іңкәр, Сезім, әпке-жезесі – Мақпал-Жасұлан.

Открылось наследство после смерти Литвиновой Натальи Анатольевны, 08.03.1957 года рождения, умершей 27.11.2024 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Ақтоғайский район поселок Сарышаған улица Темиржол 12 Б.

Еске алу



Ақтоғай ауылының тумасы, кадірлі әріптесіміз **Мұхамбекова Айжан Мейрамқызының** өмірден өткеніне 40 күннің жүзі болды. Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шорт сынары әмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті. «Тумақ бар жерде, өлмек те бар»

дейді шариғат сөзі. Шіркін, бәрі орнымен, бәрі ретімен келсе – өкініштің өзені тасып, қайғының қара жаңбыры жаумас еді ғой. Кеше ғана арамызда күліп-ойнап, жаркылдап жүрген Айжан әріптесімізден қапыда айрылды. Бір қанатымыз қайрылды. Өлім түгілі өкпеге қимайтын есіл дос жайлы ендігі жерде естелік айтамыз деп кім ойлаған? Ендігі қолдан келері қол жайып дұға жасау ғана. Жатқан жерің жайлы, топырағың мамық болсын. Артыңда қалған ұрпақтарыңа Алла ұзақ ғұмыр нәсіп етсін.

Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып, Ел айтады, жұрт айтады жарысып. Көпшіліктен алған алғыс, сауабың, Жатқан шығар, рухыңменен қауышып.

Еске алушы: әріптестері Ақтоғай аудандық әскери-есеп столының мамандары – Ғазиза, Мағауия, Жанғазы және басшысы Талғат Сәкітайұлы.

Еске алу

Ардақты ұлымыз, қамқор бауыр **Әбілмаш Бексұлтан Саятұлы** арамызда жүрсе орда бұзар отыз жасын тойлар едік. Алланың ісіне шара бар ма?!

Қанша уақыт өтсе де сенің жарқын бейнең, маңғаз да, сабырлы қалпың, аңқылдаған ақ көңілің, адам баласына жамандық ойламайтын кең жүрегің жадымыздан бір сәт те ұмытылған емес. Қара жер түгілі қатты сөзге қимайтын жанға деген сағынышымызды ауызбен айтып жеткізе алмаспыз.

Қолдан келер қайран жоқ, тек бір Алладан медеу тілеп, қол жайып дұға бағыштаймыз. Сенің көрмеген қызығың мен жасамаған жасыңды артыңнан ерген бауырларыңа нәсіп етсін. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын.

Қимағанмен босаңсып тамыр-жүйе, Пендесіне Жаратушы өзі ие. Бауырларың аман болсын, иманды бол, Жарылқасын алдыңнан о дүние.

Еске алушылар: әкесі – Саят, анасы – Бақытгүл, аға-жеңгесі – Нұрсұлтан-Дамира, қарындастары – Ақгүл, Кәусар, жұбайы – Алмагүл.

Еске алу

Ақтоғай ауылының тумасы, ардақты бауыр, балаларының аяулы анасы, анасының сүйікті перзенті **Мұхамбекова Айжан Мейрамқызының** өмірден өткеніне сырғып 40 күн де болыпты. Қимас құрбымызды арамыздан ерте алып кеткені жанымызды жабырқатып, жүрегімізді жаралып кетті.

Десе де Алланың ісіне көнбейтін пенде жоқ. Айжан ерекше бауырмал, үлкенге ізет, кішіге қамқор еді. Бірімізге әпке болып ақылын айтса, бірімізге сіңілі болып сырымызды бөлісіп, елгезек, қоңыр мінезімен, кен жүрегімен көптің көңілін таба білетін. Осындай абзал жанның жарқын бейнесін, мейірімді әрі жылы жүзін сағына еске алып, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, жаның жәннатта болсын деп дұға бағыштаймыз.

Нұрлы бейнең есте қалар мәңгілік, Дауысың да құлақта тұр жаңғырып. Арамызда жоқтығыңды білсек те, Келетіндей арман менен сан үміт.

Еске алушылар: әріптес достары – Назкен, Гуля, Сандұғаш, Ақтолқын, Жанна, Сәуле, Толқын, Шакизат, Жансая, Бота, Жанар, Аяулым

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тумасы, аяулы анамыз **Екібаева Несіпбаланы** 70 жасқа толуымен құттықтаймыз!

Ақ айдыңа салып бақыт кемесін,
Жарқын жүзбен қуанышпен келесін,
Құтты болсын жетпісіңіз, маматай,



Өзіңізді бір құдайым демесін.
Бәйтерексіз жапырағы жайқалған,
Барша жұртқа жақсылығың байқалған.
Есен болсын балаларың көрінген.
Жас қосылсын, әжетай, жасыңызға,
Отбасына қуаныш сыйлап талай,
Амандықпен жетіңіз жүзге қарай!
Жүзіңізден шуақ кетпей, біздің ортамызда күліп-ойнап, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп ұзақ жасай беріңіз.

Суыққа бір шалдырмай мәпелеген,
Алдымен адам бол деп жетелеген.
Тағдырдың кеуде тосып жартасына,
Біз үшін түскен майдан ортасына.
Алаңсыз сауық-сайран, шалқып жүрміз,
Біз бүгін анамыздың арқасында.
Анашым, жүреміз біз бір өзіңді арқаланып,
Жүзге жет жүзің жарқын, денің сау боп,
Оны да аман-есен қарсы алалық.

Ақ тілекпен: жұбайы – Құрал, балалары – Өмірәлі-Гүлзат, Бекзат-Назым, Әлихан, Айсұлтан, Әлинұр, Мерейлі, Ералы, Медина, Інжу.



Құрметті құдағиымыз **Екібаева Несіпбала!**

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз.

Сізге мол қажыр-қайрат, зор денсаулық, бақ-береке тілейміз. Бақытты ғұмыр кешіп, әрдайым балаларыңыздың қызығын көріп, ортамызда ойнап-күліп, қартаймай жүре беріңіз. Дос-жаран, туған-туыс арасында абыройыңыз артып, жүзіңізден күлкі кетпесін. Асқақ арман, асыл мұраттарыңыз орындалып, өмірдің шуағына бөлене беріңіз.

Асыл тілек айтылсын ақ ниетпен,
Бақытты күн көрінсін көкжиектен.
Қуаныш тойға ұлассын дей отырып,
Құттықтаймыз біз сізді шын жүректен.

Ақ тілекпен: құдаңыз – Өміртай, балаларыңыз – Өмірәлі-Гүлзат, немерелері – Мерейлі, Ералы, Медина.



Құрметті әріптесіміз **Күлжан Нұрмаққызы!**

Сізді мерейтойыңызбен, өз-өзіне сенімділік пен бақытты өмірдің 50 жылдығымен шын жүректен құттықтай отырып, әріптестеріңіздің ізгі көңілінен шыққан ақ тілектерді жолдаймыз. Осы қуанышты сәтте сізге зор денсаулық, мол бақыт, отбасыңыздан бақ-дәулет, береке-ынтымақ таймай, аңсаған армандарыңыз орындалсын. Бала-шағаларыңыздың қызығын жан жарыңызбен бірге көруге Алла нәсіп етсін.

Жұмысына берілген,
Жүзінен шуақ төгілген.
Батасын алып халықтың,
Біздің Күлжан көреген.
Құтты болсын 50 жас,
Кеңейе берсін керегең.

Ізгі тілекпен: Аудандық «Қазпошта» ұжымы.

Құттықтаймыз!

Құрметті жездеміз **Қожабаев Самат Сағындықұлы!**

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен жүректен құттықтаймыз.

Мерейлі белес, айтулы асуға қадам басқан сізге бастың амандығын, бала-шаға шаттығын, зор денсаулық пен шырайлы өмір тілейміз. Өміріңіз қашанда көктемдей жарқын әрі шуақты, жаздай жылы әрі жаймашуақ болсын. Шаңырағыңызға шаттық, баянды бақыт тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап, немере-шөбере қызығына тоймай ұзақ ғұмыр кешуге Алла нәсіп етсін дейміз.

Алғы күннен күтер әркім жақсы үміт,
Келе берсін басыңызға бақ күліп.
Шаттықпенен көріп таңның арайын,
Жаратушы төксін игі жақсылық.

Ізгі тілекпен: анасы – Райхан, баждары, балдыздары – Аманжол-Сая, Зәмзәгүл, Еркебұлан-Әсем, Руслан-Саламат, Ағыбай-Бота.



Құрметті біздің ұстазымыз

Жармағамбетова Нәсіп!

Сізді 60 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Алғыс – тал түс. Алда әлі талай асулар мен белес-беделдер бар. Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, деніңіздің саулығын, отбасының амандығын, қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беріңіз. Абыройыңыз асқақтай берсін дей отырып, төмендегі өлең жолдарың арнаймыз.

Ізгілікті нұрын шашар маңайға,
Адамсыз гөй үлгі болар талайға.
Жақсылықты өзіңізден көп көрген,
Ұмытпайды шәкірттеріңіз қалайда.
Үлгі болған үлкенге де жасқа да,
Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да.
Бақытты боп бұл өмірде мәңгілік,
Қуатыңыз таусылмасын 100 жаста да.

Тілек білдірушілер: №14 Кәсіптік-техникалық мектептің 2000 жылғы түлектері, 32 топ.



Ақтоғай ауылының тұрғыны, көршіміз **Жақыпова Дария Орынбайқызын** 50 жасқа толған мерейлі туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Көршімізге зор денсаулық, қажымас қайрат, өнегелі өмір, габратты ғұмыр тілейміз. Ақжарқын көңіліңмен ағайын-туыс, көрші-қолаң арасында абыройың асқақ, мәртебең биік бола берсін. Әмәнда жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей бала-шағаңыз бен туған-туыстарыңызға пана болып, ұрпақтарыңыздың қызығын көріп жүре беріңіз.

Құтты болсын елу деген жасыңыз,
Жақсылықтан, қуаныштан тасыңыз.
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Әлі талай асулардан асыңыз.

Құттықтаушылар: көршілеріңіз – Сәкітай, Абзал, Мүсіркеп, Жетпіс, Самат, Рахман, Қуандық, Сәкен, Серік, Ержан, Балқашбек, Марлен, Жеңіс, Бейбіт, Нұрман.




Құттықтаймыз!

Құрметті әріптесіміз **Жұмасыйт Елеусізов!**

Сізді зейнет жас – 63-тің асқарына шыққан туған күніңізбен құттықтаймыз.

Барлық жақсылықты, отбасыңызға амандық, ұзақ ғұмыр мен қажымас қайрат тілейміз.



Алла сізге бар жақсылығын берсін. Ырыс пен ынтымағы жарасқан жанұяңызда балаларыңыз бен немерелеріңіздің жақсылықтарын көруді нәсіп етсін. Осынша ғұмыр ішінде еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіз аз емес. Енді сол еңбегіңіздің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай әдемі ғұмыр кешіңіз. Атқан таңдар тек жақсылықтары мен қуаныштарын әкеле берсін.

Зейнеткерлік жасыңыз құтты болсын,
Денсаулық бәрінен де мықты болсын.
Көңіл деген көктемдей шуақ шашып,
Ортамыз өзіңізбен толып жүрсін.

Ақ тілекпен: «Берер» ЖШС-і ұжымы.



Құрметті әулетіміздің келіні **Есеева Зоя Абдразаққызы!**

Сізді 60 жас мерейлі туған күніңізбен құттықтаймыз. Ауыртпалығы мен жақсылығы қатар жүретін өмір өрісінде балаларың үшін абыроймен қызмет етіп, балапандарыңды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай, ұяда түлетіп, қияға самғатып, білімді де мәдениетті азаматтар етіп қатарға қостыңыз. Амандық болсын, жамандық болмасын. Арамызда аман-есен жүре беріңіз. Немере-шөберелеріңіздің есейгенін көріп, олардың үйлену тойларына қатысып, төрінде дәл қазіргідей қуанып отыра беріңіз. Айналаңыз қуаныш пен шаттыққа, бақыт пен табысқа, шат күлкі мен махаббатқа, мейірім мен қамқорлыққа толсын. Әр сәт сізге тек бақыт пен қуаныш сыйласын.

Құтты болсын бүгінгі,
Алғыс атты жасыңыз.
Жаратқаным жар болып,
Жүзге қадам басыңыз.

Ізгі тілекпен: Бауымбековтер әулеті.



Құрметті көршіміз **Құсайынова Айгүл Қамбарқызы!**

Сізді 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Кеңпейілді, жаны жұпар, жанұямызға жылу болған Анамызға он сегіз мың ғаламның жақсылығын, дүниенің шуағын, өмірдің қызығын тілейміз.

Өмірдің көзге көркемдік сыйлайтын сәулеті, ал әулетіміздің дәулеті болғайсыз. Басыңыздан бақ таймасын, шаңырағыңыздан шаттық әні үзілмесін. Денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз шуақты болсын. Әкеміз екеуіңіз ұзақ ғұмыр кешіп, ортамызда аман-есен жүре беріңіздер. Немере-шөберелеріңіз көбейіп, ұрпақтарыңыздың қызығы мен қуанышын көруге жазсын.

Орындалсын, анажан, басты арманың,
Жалындатсын нұрыңыз жастар жаның.
Ұлы тойға ұлассын туған күнің,
Жақсылыққа жайылып дастарханың.

Ақ тілекпен: жолдасы – Өмірзақ, балалары Есенгелді-Мадина, Дархан-Айман, Қуандық-Арайлым және немерелері.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 920 дана



Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй. Телефондар: редактор: 2-18-81, 87770498986

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.